

«Балапан» бөбекжай-бақшасы МКҚК-ны

Бекітемін:  
«Балапан» бөбекжай-  
бақшасының директоры:  
 М.Ж. Биксариева  
«31» тамыз 2023 жыл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына іске асыруда өтпелі тақырыптар «Ортаңғы» тобының 2023-2024 оқу жылына арналған перспективалық жоспары

Тәрбиеші: Даулетова Ф.Ш

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Мектепке дейінгі ұйым:** «Балапан»бөбекжай-бақшасы МКҚК

**Топ:** «Ортаңғы топ»

**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p><b>Жүру.</b> Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қолмен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешік кешығып және төбешік тентүсіп саппен жүру;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Дағдыларды қалыптастыру: дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуге үйрету;</p> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <p>1) ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;</p>

		<p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>  1) сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру,  <b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  Келесі дағдыларды қалыптастыру:  1) суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;  2) шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау;</p>
	Көркем әдебиет	<p><b>Оқу, әңгімелеу.</b>  Балаларға:  ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.</p>
	Қазақ тілі	<p><b>Сөздік қоры:</b>  1) күнделікті өмірде жиі қолданылатын үй тұрмысындағы кейбір заттардың, көкөністердің, жемістердің, жануарлардың атауларын, апта күндерін, айлардың, жыл мезгілдерінің атауларын білдіретін туыстарын (іні, аға, сіңлі, қарындас және басқалары) білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p>
	Математика негіздері	<p><b>Жиын:</b>  <b>Сан.</b> "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.  Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.</p>
	Қоршаған ортамен танысу	<p><b>Менің отбасым.</b>  отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру.</p>
	Құрастыру	<p><b>Құрылыс материалдарынан құрастыру.</b>  <b>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</b>  әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру.</p>
	Сурет салу	<p><b>Заттық сурет салу.</b></p>

		Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн);
	Мүсіндеу	<b>Заттық мүсіндеу.</b> Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
	Жапсыру	<b>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</b> 1) дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;
	Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Мектепке дейінгі ұйым:** «Балапан»бөбекжай-бақшасы МКҚК

**Топ:** «Ортаңғы топ»

**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:**қазан 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүгіру.</b>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтайқалып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына және т.с.с. жүгіру;</p> <p><b>Секіру.</b>Екіаяқтапбастызатқатигізеотырып, жоғарықарай 2-3 метрқашықтықтаалғақарайжылжиотырып, тұрғанжеріненұзындыққа, 5-10 смбиіктіктегізатарқылыжердежатқанжалпаққұрсауғасекірудағдыларынқалыптастыру;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту;</p> <p><b>Сөздік қор:</b> 2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету;</p>

	<p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> 2) зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану;</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Келесі дағдыларды қалыптастыру: 3) ересектердің сөзін тыңдау және түсіну; 4) сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану;</p>
Көркем әдебиет	<p><b>Оқу, әңгімелеу.</b> Балаларды: 2) кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға;</p>
Қазақ тілі	<p>2) заттардың белгілерін (түсі, өлшемі), заттармен әрекеттерді білдіретін сөздерді айтуға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: 1) сөз тіркестерін түсінуге үйрету және сөздерді байланыстыруда жаттығу; 2) 2-3 сөзден тұратын сөйлемдерді түсінуге және жиі қолданылатын сөздерден сөйлемдер құруға үйрету;</p>
Математика негіздері	<p>Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету. <b>Шама.</b> Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. <b>Геометриялық пішіндер:</b> Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету. <b>Кеңістікте бағдарлау.</b> Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету. <b>Уақытты бағдарлау.</b> Тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.</p>
Қоршаған ортамен	<b>Менің отбасым.</b>

таныстыру	1) отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру.
Құрастыру	<b>Құрылыс материалдарынан құрастыру.</b> <b>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</b> 2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану;
Сурет салу	<b>Заттық сурет салу.</b> Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: 2) бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру.
Мүсіндеу	<b>Заттық мүсіндеу:</b> 2) алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру.
Жапсыру	<b>Келесі дағдыларды қалыптастыру</b> 2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау; 3) желімдеудің техникасы;
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша